

"Намыс", "Жарқын", "Геофизика" мемлекеттік холдинг компаниялары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 22 желтоқсан N 1288. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.28. N 1395 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау мәселелерінде мемлекеттік және шаруашылық басқару қызметтерін ажырату мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен акционерлік қоғамдарының құрылымдық бөлімшелері негізінде мынадай мемлекеттік холдинг компанияларын құру туралы ұсынысы құпталсын:

а) Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағында қатты пайдалы қазбаларға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін "Намыс" мемлекеттік холдинг компаниясы (N 1 қосымшаға сәйкес құрамда) құрылсын.

Компания басқармасының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін;

б) Маңғыстау облысының аумағында мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін "Жарқын" мемлекеттік холдинг компаниясы (N 2 қосымшаға сәйкес құрамда) құрылсын.

Компания басқармасының орналасатын жері Ақтау қаласы болып белгіленсін ;

в) Қазақстан Республикасының аумағында геофизикалық жұмыстар жүргізетін "Геофизика" мемлекеттік холдинг компаниясы (N 3 қосымшаға сәйкес құрамда) құрылсын.

Компания басқармасының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Зерттеу", "Топаз", "Маржан", "Алға", "Тұлпар", "Поиск", "Ақ Бота", "Сенім", "Жарыс", "Толқын" мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 901 қаулысымен бекітілген "Жарыс" және "Ақ Бота" мемлекеттік холдинг

компаниялары құрамынан N 4, 5 қосымшаларға сәйкес ұйымдар мен кәсіпорындар шығарылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулының 1 тармағында аталған мемлекеттік холдинг компанияларына (бұдан былай - компаниялар) заңда белгіленген тәртіппен олардың құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялар пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіппен компаниялардың иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілсін.

4. Компаниялар қызметінің негізгі мақсаты бәсекелік және эксаумақтық негізде мемлекеттік бюджет қаржысы, сондай-ақ бюджеттен тыс қаржылар есебіне геологиялық барлау (геофизикалық) жұмыстарын жүргізу деп белгіленіп, оларға:

өздерінің құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың

қызметін, олардың қызметіне неғұрлым тиімді жағдай туғызу үшін үйлестіру;

геологиялық барлау (геофизикалық) жұмыстарын жүргізуге тапсырыстар іздестіру;

өздерінің құрамына кіретін ұйымдарға қажетті өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құруға жәрдемдесу;

өздерінің құрамына кіретін бөлімшелерге пайдалы қазбалар, кен көздерін игеруді ұйымдастыруға жәрдемдесу;

геологиялық барлау (геофизикалық) жұмыстар процесіне ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу;

компаниялардың құрамына кірген кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларда өз өкілдерін тағайындау;

компанияларда жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс жөніндегі қызметтер мен міндеттерге құқықтық мұрагерлікті қамтамасыз ету жүктелсін.

5. Компаниялар бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындайтын және олардың басшылығын бұрынғы қалпында қалдыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі:

компаниялар қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайтын болсын;

компанияға кіретін кәсіпорындар мен мемлекеттік басқару қызметтерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында негізгі құрал-жабдықтарды бөлуді іске асыратын болсын;

бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне келісу үшін Байқаушы кеңестердің дербес құрамы мен компаниялар президенті қызметіне кандидатуралар жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

7. Компаниялардың Байқаушы кеңестері бір ай мерзімде компаниялар басқармаларының құрылымы мен аппараттарының санын анықтасын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеттері Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігімен бірлесіп, компанияларға қолдағы ресурстар есебінен қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық жабдықтарды, телефон және телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1288 қаулысына

N 1 қосымша

"Намыс" мемлекеттік холдинг компаниясына

кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың

Тізбесі

Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан өндірістік геологиялық кәсіпорнының ұйымдары:

Қаратау геологиялық барлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан

облысының кентау қаласы, сонымен бірге оның құрамында:

"Барит" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласы

"Брекчия" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласы

"Жаңатас" геологиялық барлау экспедициясы, Жаңатас қаласының Бүркітті поселкесі

Жоңғар геологиялық барлау экспедициясы, Текелі қаласындағы Тельман поселкесі

"Қайнар" барлау-өндіру кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиевка селосы, сонымен бірге оның құрамында:

"Геосервис" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының Георгиевка селосы

Іздестіру-картаға түсіру экспедициясы, Алматы қаласы

Оңтүстік Қазақстан алтын кенді экспедициясы, Алматы қаласы, сонымен бірге оның құрамында:

"Кенші" кен өндіру кәсіпорны, Алматы қаласы

Орталық лаборатория, Алматы қаласы

"Арман" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Гео-эко-орталық" жауапкершілігі шектелуі қоғамы, Алматы қаласы

Өндірістік-техникалық жабдықтау басқармасы, Алматы қаласы

Автобаза, Алматы қаласы

Құрылыс-монтаж басқармасы (ҚМБ), Алматы қаласы

Алматы жұмысшыларды жабдықтау бөлімі (ЖЖБ), Алматы қаласы

Гранитогор кен байыту комбинаты, Жамбыл облысының Гранитогор поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1288 қаулысына
N 2 қосымша

"Жарқын" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Маңғыстау мұнай және газ барлау өндірістік кәсіпорнының
("Маңғыстаумұнайгазгеология" ӨБ) ұйымдары:

№ 1 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының
Құрық поселкесі

№ 2 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының
Құрық поселкесі

Скважиналарды сынау экспедициясы, Маңғыстау облысының
Құрық поселкесі

Жұмысшыларды жабдықтау бөлімі (ЖЖБ), Маңғыстау облысының
Құрық поселкесі

Мұнара құру кеңесі, Маңғыстау облысының Құрық поселкесі

Автокөлік кәсіпорны, Маңғыстау облысының Құрық поселкесі

Құрылыс-монтаж басқармасы, Маңғыстау облысының Құрық поселкесі

Өндірістік-техникалық жинақтау басқармасы, Маңғыстау облысының
Құрық поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 1288 қаулысына
№ 3 қосымша

"Геофизика" мемлекеттік холдинг компаниясына
кіретін ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Геофизикалық жұмыстар бойынша бұрынғы ғылыми-өндірістік бірлестіктер:

Қазақ геофизика ғылыми-зерттеу институты, Алматы қаласы

Алматы геофизикалық экспедициясы, Алматы қаласы, Мамыр
поселкесі

Аэрогеофизикалық экспедициясы, Алматы облысының Николаевка
поселкесі

Тұрлан геофизикалық экспедициясы, Шымкент қаласы

"Казгеосервис" мамандандырылған кәсіпорны, Алматы қаласы,
Мамыр поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1288 қаулысына
N 4 қосымша

"Жарыс" мемлекеттік холдинг компаниясының
құрамынан шығарылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі

Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан өндірістік геологиялық
кәсіпорнының ұйымдары:

Қаратау геологиялық барлау экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан
облысының Кентау қаласы, сонымен бірге оның құрамында:

"Барит" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының
Кентау қаласы

"Брекчия" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының
Кентау қаласы

"Жаңатас" геологиялық барлау экспедициясы, Жаңатас қаласының
Бүркітті поселкесі
Жоңғар геологиялық барлау экспедициясы, Текелі қаласының
Тельман поселкесі
"Қайнар" барлау-өндіру кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының
Георгиевка селосы, сонымен бірге оның құрамында:
"Геосервис" шағын кәсіпорны, Оңтүстік Қазақстан облысының
Георгиевка селосы
Оңтүстік Қазақстан алтын кенді экспедициясы, Алматы қаласы,
сонымен бірге оның құрамында:
"Кенші" кен өндіру кәсіпорны, Алматы қаласы
Орталық лаборатория, Алматы қаласы
"Арман" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
"Гео-эко-орталық" жауапкершілігі шектеулі қоғамы, Алматы
қаласы
Гранитогор кен байыту комбинаты, Жамбыл облысының Гранитогор
поселкесі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1288 қаулысына
N 5 қосымша

"Ақ Бота" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан
шығарылатын ұйымдар мен кәсіпорындардың
Тізбесі
Маңғыстау мұнай және газ барлау өндірістік бірлестігінің
("Маңғыстаумұнайгазгеология" ӨБ) ұйымдары:

№ 1 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының
Ералиев поселкесі

№ 2 мұнайгазбарлау экспедициясы, Маңғыстау облысының
Ералиев поселкесі

Скважиналарды сынау экспедициясы, Ақтау қаласы

Жұмысшыларды жабдықтау бөлімі (ЖЖБ), Маңғыстау облысының
Ералиев поселкесі